

АО «НК «ҚТЖ» ПРИДАЕТ БОЛЬШОЕ ЗНАЧЕНИЕ СВОЕМУ ГЛАВНОМУ КАПИТАЛУ – ЧЕЛОВЕЧЕСКИМ РЕСУРСАМ. КАДРОВАЯ ПОЛИТИКА РЕАЛИЗУЕТСЯ НА ПРИНЦИПАХ СОЦИАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ, ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРЫ БЕЗОПАСНОСТИ, ЛИДЕРСТВА, ДОСТУПНОСТИ И ПРОЗРАЧНОСТИ. АКАДЕМИЯ ЛОГИСТИКИ И ТРАНСПОРТА – НАША АЛЬМА-МАТЕР. МЫ ВЕРИМ, ЧТО ВАША СТАЖИРОВКА В НАШЕЙ КОМПАНИИ ПОЛОЖИТЕЛЬНО СКАЖЕТСЯ НА ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ И УКРЕПЛЕНИИ ВЗАИМОВЫГОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА.

Серик КЕУЛИМЖАЕВ,
руководитель аппарата АО «НК «ҚТЖ»



№9 (2826)
07/02/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ЖОЛДАРДЫ САУЫҚТЫРУ ЖАЛҒАСАДЫ

Биылғы жылы «ҚТЖ» ұлттық компаниясы темір жолдарды сауықтыру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыратын болады. Атап айтқанда, 1218 км жолға әртүрлі жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Соның ішінде 567 км жол күрделі жөндеуден өтеді.

Сүлүгүл БАКЕСОВА,
Астана

Жол және құрылыстар департаментінің мәліметінше, күрделі жөндеу жүргізу кезінде пайдаланылатын жолдың жоғарғы құрылымы материалдарының бәрі отандық өнімдер болып табылады. Болат табанды жолдардың негізін қалаушы темірбетон шпалдар «КазШпал» АҚ, «БЕНТ», «NORD Пром НС», «Магнетик» сынды отандық кәсіпорындардың шпал зауыттарынан шығарылса, жолдың астына төсейтін балласт жергілікті шағыл тас зауыттарында өндіріледі. Ал рельстер әрине Ақтөбе рельс-арқалық зауытының өнімдері болып отыр. Тек металл бұйымдары – нығайтқыштар Ресейден сатып алынады.

«Жолға күрделі жөндеу оның сипаты мен мазмұнына қарай жүргізіледі. Осы ретте аталған жөндеу түрін өткізу үшін негізгі критерийлердің бірі жолдың үстіңгі құрылымы материалдарының тозуы мен жарамсыздығын екені белгілі. Әлбетте, бұл фактілер диагностикалық кешендермен темір жолдардың техникалық жағдайын өлшеп, тексеріп өткенде және жол шаруашылығы мамандарының тексеруі барысында анықталып, тиісінше бағаланады. Жыл сайын жазғы жол жұмыстарының көлемі телімдердің өндірістік қуаттылығына, учаскелердің басымдыққа ие



болуына және Компанияның қаржылық мүмкіндігіне қарай анықталады», – дейді Жол және құрылыстар департаменті директорының күрделі жөндеу жөніндегі орынбасары Нұрсұлтан Танабаев.

Ұлттық компания теміржолдарды жаңартып-жаңғырту мәселесін ұдайы назарда ұстайды. Өткен жылы 1084 км жол жөндеу түрлерінен өткен. Соның ішінде 550,6 км жол күрделі жөндеуден

өтсе, 533,4 км жол түрлі жөндеуден өткен. Темір жолдарды сауықтыру нәтижесінде 1317 км жол бойында жолаушылар пойыздарының, ал 643,8 км жолда жүк пойыздарының қозғалыс жылдамдығын арттыру қамтамасыз етіліп, бірқатар телімдерде қозғалыс жылдамдығын шектеу туралы ескертпелер алынып тасталған.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

КАЗАХСТАН – РЕГИОН РОСТА



Перспективы казахстанско-германского сотрудничества, в том числе транспортно-логистического, обсудили в рамках Дня экономики в Гамбурге (Германия). Представители бизнес-кругов Германии проявили высокий интерес к логистике грузов по казахстанским маршрутам, отметив их важную роль в новой геополитической ситуации.

В рамках мероприятия, организованного при поддержке Министерства иностранных дел Республики Казахстан, Восточного комитета Германской экономики и Торгово-промышленной палаты Гамбурга, состоялся Казахстанско-Гамбургский инвестиционный круглый стол на тему «Регион роста Центральная Азия – логистика, энергетика и промышленность в Казахстане».

Участие в круглом столе приняли бургомистры Баварии и Гамбурга, представители крупных компаний, бизнес-ассоциаций и ведущих экспертных объединений.

В ходе мероприятия генеральный директор АО «KTZ Express» Кайрат Утяпов представил участникам логистический потенциал Казахстана, сервисы, предоставляемые группой АО «НК «ҚТЖ» для наращивания транзитного, экспортного потенциала в направлении стран Европы, а также меры, принимаемые для создания благоприятных условий скорости, стоимости и сохранности перевозок грузов на маршрутах через территорию страны.

По данным торговой палаты, на сегодня 160 гамбургских компаний активно сотрудничают с Казахстаном. По итогам 11 месяцев прошлого года, товарооборот между Казахстаном и Гамбургом увеличился на 73%, по сравнению с аналогичным периодом 2021 года, и составил порядка 250 миллионов евро.

Асель ШАЙХЫНОВА, Гамбург

Актуально

НОВАЯ ТЕХНИКА ДЛЯ МАСШТАБНЫХ ЗАДАЧ

Парк путевой спецтехники ТОО «Теміржол жөндеу», входящего в группу компаний ТОО «Қамқор Менеджмент», пополнился новым электробалластером ЭЛБ-4С. Высокотехнологичная машина дополнительно снабжена стабилизатором, что позволяет обходиться без обкатки верхнего строения пути при вводе в эксплуатацию и в целом сократить сроки ремонта.

Любовь РОВБА,
Астана

Презентация ЭЛБ-4С прошла на территории филиала ТОО «Теміржол жөндеу» – ПМС Астана с участием руководства компании и трудового коллектива.

– В текущем году ТОО «Теміржол жөндеу» празднует свое 20-летие. За этот период компания произвела для нужд АО «НК «Қазақстан темір жолы» капитальный ремонт 3 600 километров пути, а также успешно и в сроки завершила строительство новых железных дорог в рамках государственных программ, – сообщил генеральный директор ТОО «Теміржол жөндеу» Айбек Терекбаев.

Он напомнил, что в 2021 году в ТОО «Қамқор Менеджмент» была утверждена инвестиционная программа ТОО «Теміржол жөндеу» по обновлению путевой техники. В рамках этой программы в том же году компанией приобретены машины малой механизации для обслуживания путевых колон, в 2022 году – путеукладочный комплекс нового поколения, три МПК, 22 платформы УСО.

Электробалластер ЭЛБ-4С предназначен для механизированной подъемки пути и подведения балласта под шпалы поднятой путевой решетки непрерывно в процессе движения при любых типах рельсов и шпалах. С ее помощью можно производить стабилизацию пути, кроме того, машина снабжена системой навигатора, которая позволяет производить рихтовку пути в плане.

– В прошлом году мы с техническим руководителем ездили на полигон в Российской Федерации, где ознакомились с работой этой техники и ее эффективностью, и по возвращении обратились к руководству ТОО «Қамқор Менеджмент» с просьбой приобрести ЭЛБ-4С для нужд филиала ПМС Астана. Не прошло и пары месяцев, как машина уже в Казахстане. Для нас, железнодорожников, обновление парка – это большой праздник, потому что с новой



высокопроизводительной техникой показатели эффективности работы будут выше, – поделился управляющий директор по строительству и ремонту железнодорожных путей ТОО «Теміржол жөндеу» Кайрат Акпаров.

На сегодняшний день это шестой по счету ЭЛБ-4С в арсенале ТОО «Теміржол жөндеу». В отличие от уже имеющихся машин такого типа, новый электробалластер дополнительно снабжен стабилизатором для уплотнения балласта под шпалами, что позволяет обходиться без обкатки пути и снижения скорости движения поездов. Таким образом, помимо дозировки балласта, вывески путевой решетки на ходу машины и укладки ее на новый балластный слой заданной высоты, электробалластер производит сдвигку рельсошпальной решетки на проектную величину, opravку балластной призмы и стабилизацию пути.

– Все это позволяет уменьшить сроки ввода в эксплуатацию верхнего строения пути, так как не требуется время на обкатку поездов, благодаря чему сокращается и срок ремонта пути в целом, – говорит генеральный директор ТОО

«Теміржол жөндеу» Айбек Терекбаев. Новый электробалластер заменит несколько видов техники и уменьшит трудозатраты, считает главный механик филиала ТОО «Теміржол жөндеу» – ПМС Астана Дастан Айтимов.

В управлении электробалластером будут задействованы четыре человека. Дополнительного обучения персонала компании не потребуются. В настоящий момент российскими специалистами ведется наладка. А уже с апреля возможно нового ЭЛБ-4С продемонстрируют на практике – машина будет использоваться на однопутном участке Курколь – Коктобе Павлодарского отделения магистральной сети.

– Я работаю в ПМС Астана более 20 лет, и с 2004 года – на ЭЛБ. Конечно, машины нового поколения отличаются повышенной функциональностью, удобством управления. Мы благодарны руководству ТОО «Қамқор Менеджмент» за обновление парка и улучшения условий труда работников, – поделился начальник путевых машин ЭЛБ ПМС Астана Лялин Александр.

Фото Александра ЖАБЧУКА



ЕСЕТ ҚАЖЫҒУЛОВ,
Семей теміржол вокзалының бастығы:

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНА КЕЛЕТІН ЖОЛАУШЫЛАР САНЫ ЖЫЛДАҒЫДАН АНАҒҰРЛЫМ КӨБЕЙГЕН. БҰЛ ВОКЗАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАУАПҚЕРШІЛІГІН АРТТЫРАДЫ. ЕНДІГІ АРАЛЫҚТА БӨЛІМ-ШЕГЕ ҚАРАСТЫ БАРЛЫҚ ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛДАРЫНДАҒЫ ҚУҚЫҚТЫҚ ТӨРТІП ПЕН САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚ ШАРАЛАРЫН ҚАДАҒАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙТІЛГЕН ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН БОЛАДЫ.

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В КАЗАХСТАНЕ В ТЕЧЕНИЕ ТРЕХ ЛЕТ ПЛАНИРУЕТСЯ ПОСТРОИТЬ

1 285 км

Ж/Д ПУТЕЙ

В 2022 ГОДУ ПОЕЗДАМИ АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» ПЕРЕВЕЗЕНО СВЫШЕ

14 млн

ЧЕЛОВЕК

РЕВИЗОРСКИМ АППАРАТОМ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ АЛМАТИНСКОГО РЕГИОНА ЗА МИНУВШИЙ ГОД ПРОВЕДЕНО

930

ПРОВЕРОК

ҚАРҒЫН СУДАН ҚАУІП ЖОҚ



Өткен аптада Түркістан облысының аумағында жауын-шашын әдеттегіден мол түсті. Тәулік бойы жауған ақ жауыннан сон сай-сала мен арық-атыз суға толып, өңір теміржолшылары күшейтілген режимде жұмыс істеді.

Облыстың бірқатар аймақтарында су тасқыны орын алып, Арыс, Сарыағаш аудандары мен Сырдария өзеніне жақын орналасқан теміржол телімдеріне де қарғын судан төнер қауіп аз болмады. Келеңсіздіктің алдын алу мақсатында Арыс жол дистанциясы мамандарынан құралған арнайы топ Сарыағаш пен Арыс жол дистанциясының аралығын шарлап, Монтайтас пен Шенгелдіде орналасқан теміржол мекемелерін сүзіп шықты.

«Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің арнайы тапсырмасына орай, елді мекендер мен жол учаскелерін араладық. Ақтас ауылындағы 2 қораны су басқаны болмаса, аймақта айтарлықтай қауіп төнбеді. Мұның бәрі тасқынның алдын алу шараларын көктем-күзде тиянақты жүргізгеннің нәтижесі деу керек», – дейді дистанцияның кәсіподақ өкілі Есен Жұмағалиұлы.

Айтуынша, Монтайтас ауылы маңындағы тесік көпір мен аспалы көпірдің жиегінде ағын су әдеттегіден әлдеқайда жоғары болған. Ал Талдықұдық пен Шағыр айналымының 3 229-шы шақырымындағы 8-пикетте су деңгейі көтеріліп барып қайта түскен.

Облыстың таулы аймағында орналасқан теміржол мекемелері де өткен аптада күшейтілген режимде жұмыс істеді. Қаңтардың басында қалың түскен қар жаңбыр суымен еріп, су шаю қаупі жоғарылаған.

«Өткен аптада қауіп артып, тәулік бойы ауысымдық кезеңмен жұмыс істеді», – дейді Түлкібас жол дистанциясының бас инженері Нұрлан Спанбекұлы.

Дәл қазіргі күні өңірде тасқын қаупі сөйілген, еріген қар-су алдын ала дайындалған арық-атыздармен ағып кеткен.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ

QR КОД ОРНАТЫЛДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



СЕРВИС

«Нұрлы жол» вокзал кешенінде пікірлер мен ұсыныстар, шағымдар қалдыратын QR код пилотты жоба ретінде орнатылды. Код таңбаланған тақтайшалар вокзалдың күту залы, дәретханалары және анықтама бюросының жанына қойылды.

Вокзалға келген жолаушылар немесе шығарып салушылар, қарсы алушылар ұялы телефонының камерасы арқылы кодты сканерлеп, әрі қарай тиісті сілтемелерге өтіп, пікір білдіреді. Кешеннің технологиялық процесті ұйымдастыру бөлімінің бастығы Ғалия Нүсееваның айтуынша, бұл вокзалдағы сервис сапасы қандай деңгейде екенін анықтау үшін керек. – Сканерді басқаннан кейін «пікірлер» деген пункт бар, соны басып, шағым, ұсыныстардың тізімі бойынша сұрақтарға жауап беруге немесе өзі жазу арқылы пікір қалдыруға болады. Кейін вокзал қызметкерлері қалдырылған пікір бойынша мәселені егжей-тегжейлі сұрау үшін сол жерге телефон нөмірін жазып кетсе болады. Алайда жеке деректері құпия сақталғанын қаласа да өз еркі. Жалпы мұның біздің вокзал мен персоналдың жұмысын жақсартуға септігі тиер деген ойдамыз, – деген Ғалия Нүсеева интерфейс қазақ және орыс тілдерінде жұмыс істейтінін атап өтті.

ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ЖҰМЫС КҮНІ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



ПРОФИЛАКТИКА

Бейнеу станциясындағы желілік полиция бөлімшесі темір жол көлігінде қауіпсіздіктің сақталуына өз үлестерін қосып жүр. Аптаның бір күнін теміржол бойында жүретін жасөспірімдермен түсіндірме жұмыстарын жүргізуге арнайды.

Жолдан әрі-бері күнде өтетін олардың теміржол маңындағы жүріс-тұрысын бақылап, жолдан өту ережелерін ескертіп, жасөспірімдер арасындағы қылмыс, бопсалау, күш көрсету және кешкі мезгілде көшеде жалғыз-жарым жүрмеулерін қадағалайтын тәртіп сақшыларына ата-аналар да алғыс айтады.



Сонымен қатар пойыздан түскен жолаушыларға жөн-жосықсыз қызметін ұсынып, мазасын алатындармен де жұмыс жүргізеді. Такси қызметін ұсынатын немесе жалға пәтер беретін азаматтарға жолаушының жолын кес-кестеп мазасын алмай, заң аясында әрекет ету жолдарын түсіндіреді. Жолаушылар тарапынан шағымдану болса, ҚР ӘҚБтК-нің 449-бабы бойынша жеке тұлғаларға ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға тура келетіні ескертіледі. Осы баптың 1-тармағымен 5 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

– Жылдық жоспарымызға сәйкес түрлі профилактикалық шаралар уақытымен жүзеге асырылуда. Жақында Бейнеу айналым депосының ұжымымен кездестік. Өйткені жолаушылар және жүк пойыздарындағы жедел тежеу фактілерінің жиілеуі бәрімізді де алаңдатады. Жыл басынан бері мұндай екі дерек тіркелді. Сол секілді теміржолшылармен жол жиегіндегі қоршауларды қалпына келтіру жайын көтеріп, бұл іске теміржол бойына жақын орналасқан ауыл тұрғындарын да тарту сөз болды, – дейді Бейнеу станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің бастығы Насыр Дербисалиев.

Суретті түсірген автор

ВАГОННАН ӨРТ ШЫҚТЫ

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана



ОҚИҒА

Ағымдағы жылдың 3 ақпан күні Аршалы ауылы мен Анар станциясы аралығында №105/106 «Петропавл – Алматы» бағытындағы пойыздың ең соңына тіркелген техникалық вагоннан өрт шықты.

Оқиға кешкі сағат 21:57-де орын алған. Осыған байланысты пойыз қозғалысы дереу тоқтатылды. Бұл уақытта пойызда 235 жолаушы болған. Абырой болғанда зардап шеккендер жоқ. «ҚТЖ» ҰК» АҚ тарапынан құрылған арнайы комиссия болған оқиғаның шығу себептерін тексеріп, тергеуге кіріскен. Төтенше жағдай туындаған бойда жолаушыларды дiттеген жеріне, яғни Алматы станциясына дейін жеткізу үшін Астанадан құрамында жеті купе және бір плацкарт вагоны бар қосымша пойыз жөнелтілген.

Стандартты вагондарда келе жатқан адамдарға Жолаушыларды, багажды, жүк багажын және пошталық поштаны темір жол көлігімен тасымалдау ережелеріне сәйкес белгіленген тәртіпте жол ақысының айырмасы төленбек.

HR ҚЫЗМЕТІ УАҚЫТПЕН ҮНДЕСУІ КЕРЕК



СУХБАТ

Ұлттық компанияда бір жылдан астам уақыт персоналдарды басқарудың түрлі жолдарын зерттеу және тәжірибе алмасу үшін HR саласындағы сарапшылармен кездесулер өткізу тәжірибесі қолға алынған. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің HR бизнес-серіктесі, жоба жетекшісі Асқар Насыровпен әңгімеміз осы тақырыпта өрбіді.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

– Асқар Асқатулы, персоналды дамыту үшін көптеген компаниялар тәжірибе алмасуды тиімді құрал ретінде пайдаланатыны бұрыннан белгілі. Ал ҚТЖ-да HR үшін мұндай тәжірибені енгізуге қандай қажеттілік болды?

– Жаңа және озық тәжірибелерді зерттеп білу қызметкерлердің кәсіби тұрғыдан өсіп-өнуі үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, олардың дүниетанымын кеңейте түседі, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер мен кәсіпорындар арасында өзара әрекет етуді ынталандырады. Ал персоналды дамыту ісімен HR блогы айналысады, сол себепті бұл жауапты миссияны жоғары деңгейде орындау үшін HR қызметінің қызметкерлері әрқашан заманауи трендтерден хабардар болуы және оларды қолдана білуі керек. Бүгінде бұл мәселеге ерекше көңіл бөлініп, түрлі форумдар өткізілуде, HR менеджерлерінің қоғамдастығы құрылуда. Әлбетте, ҚТЖ мұндай шараларды өткізіп алмауға, тіпті олардың белсенді қатысушысы болуға тырысуда.

ҚТЖ холдингтік құрылым болып табылады және компания ішінде персоналды басқарудың жаңа тәжірибесін жеткізу үшін «HR Time» сараптамалық клубы деп атайтын өз платформасын құру идеясы пайда болды.

– Мұндай кездесулер қандай форматта өтеді?

– Біз алдын ала арнайы бюрократиялық регламенттер мен процедуралар әзірлеген жоқпыз. Сондықтан форматқа қатысты қандай да бір шектеулер жоқ, басты критерий – клубтың барлық мүшелерінің мүдделеріне сай қолайлы жағдайлар жасау. HR Time алаңына тоқсанына бір рет HR мәселелеріне жетекшілік ететін «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары мен еншілес ұйымдарының жетекшілері шақырылады. Бірқатар кездесулерді біз «Қысқы бақта» офлайн форматта өткіздік, ал көбінесе кездесулер барлығына мейлінше қолайлы болу үшін онлайн форматта өтеді.

Өткен жылы шақырылған спикерлер арасында танылмай мамандар болды. Онда «Қашықтан жұмыс істеуден алған тағылым» тақырыбындағы кейсімен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Адами ресурстарын басқару департаментінің директоры Ләззат Қожахметова, Veeline корпоративтік сату дирекциясының негізгі клиенттерді дамыту қызметінің басшысы Вячеслав Хван «Роботтар HR қызметінде» тақырыбындағы тәжірибесімен бөлісті. Ал Samruk Business Academy бас директорының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары Юлия Шива «Жеке өнімділікті басқару» тақырыбында ақпараттық сессия өткізіп, «Эйр Астана» АҚ Адами ресурстары және таланттарды басқару жөніндегі директоры

Александра Штопел таланттарды басқару тәжірибесі туралы айтып берді.

HR Time отырыстарының бірі кеңейтілген құрамда өтті, оған «Самұрық-Қазына» қорының Адами ресурстарын басқару департаментінің директоры Эльмира Каримова, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» қорының барлық портфельдік компанияларының HR менеджерлері қатысты. Жиын тақырыбы еңбекқақыдағы «учаскелік» коэффициенттерді теңестіру мәселесі бойынша сараптамалық қолдау болды.

– Шынында, қызмет барысында қажетті, пайдалы дүниелер екен. Биыл да бұл дәстүр жалғасын табады ма?

– Әлбетте жалғасады. Тіпті, биылғы жылдың «беташарын» жасап та жібердік. Үстіміздегі жылы кезекті «HR Time» сериясы «Shearwater Geoservices» компаниясының сейсмолог-инженері, тәлімгерлік бағдарламасының жоба жетекшісі Ғалия Садықовамен кездесуден басталды. Ғалия ханым тұсаукесерін өзі туралы баяндаудан бастады. Яғни үлкен компанияда қалай жұмыс істеп жатқаны және жаңа бийіктерді бағындыруы, жұмыс барысында, кәсіби мамандармен араласа жүріп өз компаниясында тағылымдама бағдарламасын ұйымдастыру идеясы келгені, т.т. туралы айтып берді. Айтуынша, ол өз әріптестерінің жұмыстарын талдай келе, олардың мықты және осал тұстарын бөліп алып,

жобаны енгізу бойынша жоспар құрған. Ғалия үшін маңызды сөз – өз бағдарламасын компания басшылығы алдында таныстырып, қорғау болған. Оның бастамасы уақытылы қолға алынған қажетті дүние деп танылып, онымен дереу HR-блогының қызметкерлері байланысқа шыққан екен. Расында да, Ғалияның жеке табысы тарихының тұсаукесері аудиторияда ерекше қызығушылық тудырды, бұл компанияның кадр бөлімінің қызметкерлері үшін де тәрбиелік оқиға болды. Клуб мүшелері оның жоғары белсенділігі мен таңдаған ісіне адалдығын атап өтіп, қызықты әңгімесі үшін алғыс білдірді. Осылайша, біз «HR Time» клубы аясында кездесулер өткізудің оң тәжірибесі бар екенін байқадық және ол Компания әріптестері арасында өзін жақсы жағынан көрсетіп отыр.

Қорыта айтсақ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ HR командасы барлық шешімі бар міндеттер бойынша икемді ұстанымды ұстанып отыр. Сондай-ақ Компанияның негізгі бизнес-көрсеткіштеріне қол жеткізуге ықпал ету және операциялық тиімділікті арттыру мақсатында озық тәжірибелер мен Компанияның бизнес-қажеттіліктерін есепке ала отырып, бастамаларды құруға бағдарланған. Бір сөзбен айтқанда, HR қызметі заманауи сын-тегеуріндер мен трендтер туралы хабардар болып, уақыт көшіне үн қосуы керек.

Суретті түсірген автор

АҚЖАЙЫҚТЫҢ ЖҮГІ АУЫР



АЙМАҚ

Өткен жылды Ақжайық станциясы табысты аяқтады. Былтыр барлығы 1162 пойыз, 27582 вагон қабылданыпты. Жалпы, қалаға келетін жүктің 60 пайызы осы станцияға тиесілі.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Станцияның 7 қабылдап-жөнелту, 3 тұрақтау жолы бар. Маневр жұмыстары станция ішінде жасалып, ол екі маневрлік тепловозбен атқарылуда. Станциядан күніне 2-3 пойыз, 100-150 вагон қабылдап-жөнелтіледі, жолдары қысқа, дөңесі жоқ станция үшін бұл аз емес, әсіресе жүк тиеу мен түсіру көлемі артып кеткен кезде қиын.

Станцияның жаңа басшысы Бағытжан Абрахмановтың айтуынша, өткен жылы жоспар межеден көріне алды. Мәселен, вагон айналымы 109,5%-ке орындалды.



Орташа тәуліктік жүк тиеу көлемі жоспарда 3 вагон болса, ол толық орындалған. Тоннамен есептегенде станция арқылы

тәулігіне 176 тонна жүк тиеліп, жоспар 96,2 пайызды құраған.

Өңірдегі мұнай компанияларының тоқтаусыз жұмыс жасауы тасымал көлеміне оң әсер етіп тұр. Ал жүк түсіру тәулігіне 60 вагон болса, ол 90 пайызға орындалған. Атырау аймағында «Ақтөбе-Атырау-Астрахань», «Миялы-Қарабау-Индер» тас жолдары құрылыс жұмыстарының қарқынды жүруі де жүк көлемі мен салмағының артуына ықпал етіп отыр. Жергілікті вагонның бір жүк операциясына тұруы да 98,5 пайызды құрап, жоғары көрсеткішті бағындырды.

Ақжайық мұнаймен ғана жұмыс жасамайды, цистерналарға бензин, мазут, реактивті отын құйылады, еліміздегі ауыл шаруашылығы мекемелеріне тапсырыс бойынша дизель отыны жіберіледі.

– Станция қалыпты жұмыс жасауда. Барлық инженерлік құрам мамандары, мысалы, аға тауар кассирі, аға жүк қабылдап-жөнелтуші, еңбек қорғау инженері, т.б. тұрақты жұмыс орындарына оралды. Станция бойынша кезекшілер, вагон қарашы, басқа да мамандар ауысыммен жұмыс істейді. Жүк тасымалының көлемі артып келеді, – дейді станция бастығы.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ШҰҒЫЛ ТЕЖЕУ ТЫЙЫЛМАЙ ТҮР



ҚАУІПСІЗДІК

Ақтөбеде биылғы жылдың алғашқы айының өзінде жолға бөгде адамдардың шығып кетуі салдарынан машинистер 4 рет шұғыл тежеу қолданып, пойызды тоқтатуға мәжбүр болған.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ақтөбе станциясы ұжымы «қауіпті аймақтарда» рейд жұмыстарын ұйымдастырды. Өткен аптада станция басшысы мен орынбасары, әскерилендірілген күзет пен желілік полиция өкілдерінен құралған топ жылжымалы құрамды шұғыл тоқтату оқиғасы жиі тіркелетін өткелге рейд жасады. Сельмаш ауданындағы көпір астынан темір жол өтеді. Шойын жолдың екі жағында халық тығыз орналасқан. Және бұл – темір жол қаланы қорғасынан кесіп өтетін түс. Сол себепті ескі қала мен мөлтек ауданды байланыстырып тұрған көпір аумағында жүргініші көп. Көпірді айналып өтуді қиынсыңғандар қоршауды бұзып, өздеріне ыңғайлы тұстан жол салып алған.

«Темір жол бойындағы қоршауларды сындырып тастайтындар көп. Жол дистанциясының жолшылары осы жердегі сыңар қоршауларды бірнеше қайтара жөндеді. Өткен жылы 27 рет пойызды шұғыл тежеу болса, биылғы бір айда 4 рет қайталанып отыр.

Былтыр қоршауды алып тастаған тұстан өтпек болған 82 жастағы қала тұрғыны қайтыс болды. Егде жастағы қария пойызды байқамай қалған, дабыл дауысын естімеген», – дейді Ақтөбе станциясының басшысы Нурлан Ермағамбетов.

Әскерилендірілген күзет және көлік полициясы азаматтарға темір жолдан өту ережелерін тағы да түсіндіріп, мұқият болу керектігін ескертті. Тек қана арнайы жабдықталған жерлерден, өткелдерден өтудің адам өмірі үшін маңыздылығын түсіндірді.

«Жазатайым оқиғалардың негізгі себептері – азаматтардың белгіленбеген жерлерде темір жолды кесіп өтуі. Өкінішке орай адамдар теміржолдың қаншалықты қауіпті аймақ екендігін, оның зардаптарын басына түспей жете түсінбейді, ескермейді. Шұғыл тежеу фактілері де азаяр емес. Қатты жылдамдықпен келе жатқан жүк және жолаушылар пойыздарының адамды қағып кету қаупі жоғары екенін біздің халыққа айтып шаршадық», – деді Ақтөбе станциясы желілік полиция бөлімінің өкілі Айбек Кетеғұлов.

2022 жылы тәртіп сақшылары белгіленбеген жерден өткен азаматтарға қатысты 212 әкімшілік хаттама толтырып, айыппұл салынып, ескертулер берілген.

Суретті түсірген автор



РЕКОРДНЫЙ РОСТ ГРУЗОПЕРЕВОЗОК



СОТРУДНИЧЕСТВО

В Пекине (Китай) обсуждены вопросы развития транзитно-транспортного сотрудничества между Казахстаном и Китаем, в частности с городом Ляньюньганом. Отмечен рост железнодорожных грузоперевозок между странами, которые составили 23,1 миллиона тонн.

Асель ШАЙХЫНОВА
Астана

Так, 3 февраля 2023 года посол Казахстана в Китае Шахрат Нурышев провел встречу с заместителем секретаря партийного комитета – заместителем мэра Ляньюньгана Ян Синьчжунем. В ходе встречи стороны обсудили актуальные вопросы взаимодействия Казахстана и Китая в транзитно-транспортной

сфере, а также наметили планы сотрудничества в сфере инвестиций и электронной торговли. Шахрат Нурышев, отмечая особую роль казахстанско-китайского терминала в порту Ляньюньган, сообщил о рекордном росте в 2022 году объемов железнодорожных грузоперевозок между РК и КНР, которые составили 23,1 миллиона тонн, что на 14,5% больше показателя 2021 года.

Вместе с тем посол Казахстана обратил внимание китайской стороны на возни-

жающие задержки в доставке в Казахстан контейнерных грузов из Китая и стран Восточной и Юго-Восточной Азии, идущих транзитом через КНР.

По итогам встречи стороны договорились поддерживать тесные контакты между Посольством РК в КНР и Народным правительством Ляньюньгана, в том числе по вопросам стимулирования двустороннего торгово-экономического и инвестиционного взаимодействия.

Безопасность

В РЕЖИМЕ НОН-СТОП

Заседание Координационного совета по предупреждению несчастных случаев с посторонними гражданами на железнодорожном транспорте по итогам 2022 года прошло в филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП».

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Свыше 980 профилактических бесед с населением провели железнодорожники в минувшем году. Более десяти тысяч человек прослушали информацию о правилах поведения близ железной дороги.

Руководители станций, локомотивных депо по Акмолинскому отделению ГП в рамках профилактики детского травматизма провели 686 бесед в учебных заведениях с охватом 32 108 учащихся. Также для большого охвата учащихся и родителей принята в практику публикация видео-

роликов и памяток в школьных группах WhatsApp. На сегодняшний день опубликовано 54 видеоролика и 119 памяток по предупреждению несчастных случаев на железнодорожных путях.

Совместно с работниками линейных отделов полиции, военизированной охранной и причастными службами отделения магистральной сети проведено 626 рейдов. Для эффективности проводимой работы среди населения в минувшем году было опубликовано 90 статей в районных и городских газетах на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности», в Instagram размещены 48 видеороликов.

На 2023 год разработан и утвержден план мероприятий по предупреждению выхода посторонних людей и скота на станционные пути по Акмолинскому отделению ГП.

Планируется работа по распространению памяток в учебных заведениях и среди жителей населенных пунктов, находящихся вблизи железной дороги.

– С распространением информации в школьных родительских чатах, чатах КСК мы наблюдаем положительную тенденцию уменьшения случаев травматизма с посторонними гражданами, – отмечает главный инженер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Сайран Баржакин.

Благодаря проводимой профилактической работе руководителями станции, локомотивных депо, дистанции ПЧ, ЭЧ, инженеров, главных специалистов безопасности движения, сотрудников ЛОП, ЛМП, ВЖДО несчастные случаи в сравнении с прошлым годом на территориях станций уменьшились. К примеру, в 2021 году допущено пять наездов, а в минувшем году всего два.

ВИЖУ ЦЕЛЬ, НЕ ВИЖУ ПРЕПЯТСТВИЙ

На станции Уральск совместно с линейным отделом полиции прошел плановый рейд по повышению уровня безопасности людей на железной дороге.

Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск

Рейд прошел в районе Деповского моста, где движение пешеходов через железнодорожные пути в пределах станции Уральск самое интенсивное, несмотря на возможность перейти по хорошо освещенным и огражденным с обеих сторон пешеходным дорожкам путепровода.

– Машинисты стараются по максимуму снизить вероятность наезда, по наиболее «посещаемым» участкам снижают скорость локомотива, но надо же понимать, что инерция у поезда больше, чем у автомобиля, – объяснял пешеходам машинист-инструктор Уральского эксплуатационного локомотивного депо Бекзат Имашев.




Как отметили инженер-технолог первой категории станции Уральск Гульдаана Жамалова и инженер-технолог Наргыз

Амирханова, профилактическая работа по недопущению случаев наезда на людей проводится регулярно. Установлены предупреждающие знаки, надписи и аншлаги, ведется звуковое оповещение с напоминанием правил безопасности на железной дороге, проводятся совместные с правоохранительными органами рейды и беседы с жителями близлежащих жилых массивов. Однако люди зачастую шагают через пути без оглядки, уткнувшись в телефон и не видя никаких препятствий, в том числе движущийся поезд.

Младшие сержанты полиции Айбек Жоламанов и Нуржан Жалелов разъяснили нарушителям, что за переход железнодорожных путей в ненадлежащих местах пешеход может получить предупреждение, а при повторном нарушении – штраф в размере трех МРП. В ходе рейда было вручено 10 памяток «Железная дорога – зона повышенной опасности».

Фото автора

СЧЕТ ИДЕТ НА МИНУТЫ



В ТРУДОВОМ РИТМЕ

Бойцы восстановительного поезда Алматы постоянно находятся в тонусе, и как только поступает приказ для устранения последствий сходов, железнодорожных аварий, моментально включаются в процесс, ведь счет порой идет на минуты.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Стоит напомнить, что у работников данного подразделения в ушедшем году было четыре выезда по ликвидации сходов на станциях Бурундай, Алматы-2 и Жинишкесу

по подъёмке порожних вагонов и грузовой платформы.

Восстановительный поезд укомплектован всем необходимым. Это платформы с гусеничной техникой, грузоподъемным краном, такелажные вагоны с запасными тележками, автосцепками. Вагон с авто-

номной электростанцией, прожекторами, домкратами, пилами для резки металла, тросами и стропами.

Также состав могут привлечь на масштабные хозяйственные и строительные работы, например, для укладки рельсошпальной решетки, стрелочных переводов и прочего. Только в прошлом году они умело провели демонтаж металлической мачты, участвовали в установке мостовых пролетов БАКАТ, в Алматинской дистанции пути работали по замене стрелочного перевода, при погрузке путевой дрезины. Принимали активное участие в военных учениях «Эшелон-2022». Приходилось оказывать помощь и другим отделениям, выезжать на подъем тепловоза на участке Актогай – Саяк на перегоне Жаксыбулак, участвовать в восстановительных работах при сходе вагонов на участке Бель – Анархай в Жамбылском отделении магистральной сети. Поэтому при возникновении внештатных ситуаций особенно важно, чтобы помощь пришла своевременно.

– В нашей работе лучше перестраховаться, чем что-то упустить. У каждого бойца свои обязанности, своя зона ответственности, и в итоге они делают свое дело, – говорит начальник восстановительного поезда Сериккан Буромбаев.

К сожалению, у подразделения есть свои проблемы. За последние два года ушли на заслуженный отдых многие специалисты, которые проработали сорок лет, и на сегодняшний день ощущается нехватка рабочих профессий, таких как машинист крана, слесарь-электрик, газоэлектросварщик.

Но все же своим трудом ВП-34 продолжает показывать высокую степень готовности железнодорожников, в компетенции которых не приходится сомневаться.

Фото автора

ДЕФЕКТАМ – НЕТ!

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



МЕСЯЧНИК

В Павлодарском отделении ГП выявлены и подтверждены семь боковых рам, которые могли стать причиной аварии на железной дороге. Осмотрщиков вагонов ВЧД-16 за профессионализм и оперативность премируют.

По информации начальника Екибастузского эксплуатационного вагонного депо Каната Имашева, дефекты найдены в следующих пунктах технического обслуживания: Павлодар-Восточный, парке «Е» станции Екибастуз-2, парке «Б» станции Екибастуз-1, Павлодар-Северный.

– Наибольшее количество неисправных боковых рам выявил осмотрщик вагонов ПТО парка «Е» станции Екибастуз-2 Мадияр Тулембеков – две боковые рамы, хочу отметить и осмотрщиков вагонов ПТО станции Павлодар-Предгорка Аяна Айтпаева и Талгата Алимбаева, выявивших по одной боковой раме, осмотрщиков вагонов ПТО Павлодар-Северный Мурата Касаева, ПТО парка «Е» станции Екибастуз-2 Еркната Ищанова и осмотрщика вагонов ПТО парка «Б» станции Екибастуз-1 Мираса Калкманова, – рассказал Канат Имашев.

Все кандидатуры осмотрщиков вагонов ВЧД-16 за проявленный профессионализм и оперативность при выполнении должностных обязанностей и обеспечении безопасности движения будут представлены к награждению.

ДЕНЬ ЗА ДНЕМ РАСТУТ ОБЪЕМЫ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ПЕРЕВОЗКИ

В Костанайском регионе с начала года постепенно начинают набирать объемы грузоперевозок. По итогам первого месяца текущего года было погружено 27 550 вагонов.

Как сообщил заместитель директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Ерден Аманов, общий вес отгруженной и перевезенной номенклатуры составил один миллион 774,9 тысячи тонн. В среднем в сутки на станциях региона отгружалось 889 вагонов, 57,3 тысячи тонн. Так, зерна, при плане погрузки на месяц 3 543 вагона фактически погружено 4 569. К факту прошлого года январская погрузка увеличена на 158,7 тысячи тонн. Продуктов перемолола при плане погрузки на месяц 1 367 вагонов погружено 1 566.

– В результате по продуктам перемолола огружено сверх плана 199 вагонов, что очень неплохо как для первого месяца нового года, так и в целом. Динамика увеличения объемов погрузки наблюдается в нашем отделении каждый год. И в этом, безусловно, заслуга всего коллектива железнодорожников Костанайского отделения, – говорит Ерден Аманов.

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ ВЫШЛИ НА УБОРКУ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



СНЕГОБОРЬБА

Работники Оскеменской дистанции пути (ПЧ-37), а также представители других предприятий железной дороги вышли на уборку снега на станции Оскемен-1, территории возле вокзала. Была объявлена вторая очередь.



Согласно плану по снегоборьбе, на помощь Оскеменской дистанции пути пришли коллеги из Защитинской дистанции сигнализации и связи, Семейской дистанции электроснабжения. Также здесь трудились работники вокзального хозяйства, восстановительного и пожарного поездов. Всего в уборке территорий самой станции, привокзальных участков Оскемен-1 участвовали больше полутора десятка человек. В работах были задействованы снегоуборочная машина СМ-2 и трактор.

– До станции Оскемен-1 мы уже убрали снег на всех участках, – сообщил начальник Оскеменской дистанции пути Нурбек Исагулов.

Работы по уборке снега с железнодорожных путей ведутся постоянно по мере необходимости. Так, в начале декабря из-за сильных снегопадов во второй очереди по снегоборьбе на станции Оскемен-1 были заняты 85 человек, включая не только работников ПЧ-37 и самой станции, но и Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо, ВЖДО, Оскеменского эксплуатационного вагонного депо, вокзала Оскемен-1, Защитинской дистанции сигнализации и связи.

Фото автора

ТАРЛАН ТЕМІРЖОЛШЫҒА ҚҰРМЕТ



Қызылорда жол дистанциясының ұжымы аймақ шойын жолына қырық жылдан астам еңбегі сіңген тарлан теміржолшы Әбділда Досымовқа құрмет көрсетіп, зейнет демалысына шығарып салды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы мен облыс әкімінің «Құрмет грамотасымен», «Адал еңбегі үшін», «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» медалімен және Компанияның 25 жылдық мерейтойлық төсбелгісімен марапатталған Әбділда Досымовты пайғамбар жасымен құттықтаған дистанция басшысы Марат Оңалов пен кәсіподақ ұйымының төрайымы Ғалия Ноғайбаева бастаған әріптестері су жаңа зейнеткерге іттипат көрсетті, оның жүріп өткен жолын айтып, жастарға үлгі етті.

Он жеті жасынан теміржол саласында бастаған Әбділда Құрманғалиұлының еңбек жолы тақтайдай тегіс болмапты. Талай тар жол, тайғақ кешуді бастан кешкен отандық теміржолмен бірге өсіп, бірге жетілген. Өзі туып



өскен Сүлүтөбе станциясында теміржолшының отбасында 1957 жылы дүниеге келген Әбділда еңбек жолын жол жөндеуші болып бастап, тәжірибе жинай жүріп, білімін де жетілдірген.

– Дистанцияның тәжірибелі әрі кәсіби маманы ретінде Әбекең үнемі жауапты учаскелерде жұмыс істеді. Жолдарды күрделі жөндеу

кезінде телім басында ол кісінің жүруі жолшыларға қадімгідей күш беретінін кезінде талай көрді. Оның жауапкершілігіне жүктелген учаскелердің жол күтімі көктемгі және күзгі байқауларда жоғары баға алатын. Міне, бүгін осындай тәжірибелі теміржолшыны зейнеткерлікке шығарып салдық. Орнын басатын жастар – кешегі

күні өзі тәрбиелеген шәкірттері, сондықтан жол күтімін сенімді қолға тапсырды деп сенеміз, – деді дистанцияның кәсіподақ ұйымының төрайымы Ғалия Ноғайбаева.

Әбділда Досымов арнайы жолдамамен 1978-1981 жылдар аралығында Алматы қаласындағы «Жол шаруашылығы және жол құрылысы» саласы бойынша білімін жетілдірген. Қызылорда жол дистанциясында жол бригадирі, жол шебері, аға жол шебері қызметтерін атқарды. ДРП-1 мекемесінде бас инженер, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінде «жол жөндеу сапасын тексеруші-қабылдаушы» болып та қызмет жасады. 2016 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Қызылорда жол дистанциясы бастығының орынбасары қызметін атқарды. Қазіргі кезде Әбекеңнің ұлы Рүстем де атасы мен әкесінің жолын жалғастырып, мекемеге қарасты 2-өндірістік телім бастығының орынбасары қызметін абыроймен атқарауда.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда
Суретті түсірген автор

КОНКУРС ДЛЯ МИЛЫХ ДАМ

В АО «НК «ҚТЖ» каждый год тепло, с большим уважением чувствуют железнодорожников с Международным женским днем 8 Марта. В этом году подготовка к празднику началась заранее – среди прекрасной половины ҚТЖ объявлен конкурс «Моя профессия – моя судьба».

По словам организаторов, главная цель мероприятия – поощрение отличившихся сотрудниц компании и ее дочерних организаций за добросовестный труд, существенный вклад в повышение эффективности работы и плодотворную деятельность.

Принять участие в конкурсе могут желающие со стажем работы в АО «НК «ҚТЖ» от пяти лет и выше. Ограничений в возрасте и семейном положении нет.

Для участия необходимо отправить заявку, резюме, фотографии разного плана в электронном формате, а самое главное – эссе о любви к своей работе, в котором желательно написать о том, как произошел выбор профессии, рассказать о своем вкладе в развитие железнодорожной отрасли, профессиональных достижениях. Все это необходимо отправить на электронный адрес: muldakulov_zh@railways.kz и zhanaliyev_ye@railways.kz, в срок не позднее 20 февраля 2023 года.

Организаторы желают удачи участницам конкурса и отмечают, что работницы стальной магистрали всегда успешно справляются со своей «неженской» работой, и благодаря их трудолюбию, ответственности, профессионализму происходит развитие железнодорожной отрасли страны.

Асель ШАЙХЫНОВА, Астана

ТАҚЫРЫПТЫҚ ФОРУМДАР ӨТКІЗГЕН

Быттыр Семей ЖТ бөлімшесінің Өскемен-1 торабы бойынша кәсіподақ ұйымы жұмыс жоспарына сәйкес көптеген мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шаралар өткізді.

Бұл туралы аталған кәсіподақ комитетінің төрағасы Берікхан Тілеужанов айтып берді. Әсіресе өңірдегі теміржол кәсіпорындарының қызметкерлеріне тақырыптық форумдар ұнаған. Әйелдер, жастар, отбасы тақырыбында форумдар жиі өткізілген. Мәселен, «Қазкөліккәсіп» ҚБ құрылғанына 30 жыл толуына орай алғаш рет «Бақыт – әйелдер аумағы» форумы өткізіліп,

оған теміржол кәсіпорындарынан жиырмадан астам қызметкер қатысқан. Форумда әйелдерге түрлі мәселелер бойынша психологтар мен заңгерлер кеңес берген.

– Күзде кәсіподақ ұйымдары өткізген отбасылық форумда қатысушы жұптар өздерінің бақыт құпиясымен бөлісті. Бұл ретте ерлі-зайыптылардың бірі немесе қатысушы жұптардың

екеуі де теміржол кәсіпорындарының қызметкерлері болды. Әр жұп өз отбасы туралы презентация дайындады, бірлескен саяхаттардың, серуендердің, отбасылық мерекелердің суреттерін көрсетті. Форумда ерлі-зайыптылармен кәсіби психологтар, жаттықтырушы-терапевтер жұмыс істеді. Іс-шара дәстүрлі түрде қыркүйектің екінші жексенбісінде атап өтілетін Қазақстандағы Отбасы күнін мерекелеуге арналды, – дейді Б.Тілеужанов.

Ұлан ОРАЗ, Өскемен

МАРАПАТҚА ЛАЙЫҚ МАМАН



Темір жолға бүкіл өмірін арнап, шойын жолдың майталман маманына айналған азаматтар аз емес. Олардың әрқайсысының еңбек жолы бір кітапқа жүк болады. Кешегі жастар бүгінде аға буынға айналды. Солардың бірі – Атырау станциясының бастығы Алтай Көбегеновті «Ел Құрметі» республикалық қоғамдық қоры «Теміржолға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттады.



Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің басшысы Аслан Базарғалиев ұжым алдында станция бастығын құттықтап, Қор атынан Алғыс хат пен төсбелгі табыс етті. Құрметті теміржолшы Алтай Көбегенов – пойыз құрастырушыдан бастап бөлімше басшылығы аралығындағы ұзақ та абыройлы жолдан өткен нағыз маман. Ерен еңбегінің арқасында мерейі талай рет үстем болып, ҚТЖ Құрмет тақтасына да ілінді.

Ол Алматы теміржол көлігі инженерлері институтын «Темір жол көлігін

ұйымдастыру және басқару» мамандығы бойынша бітіріп, жолдамамен Атырауға келеді. Өзі теміржолшылар отбасынан шыққан, саламен жақсы таныс болса да пойыз құрастырушының көмекшісі болып бастап, Құлсары станциясында еңбек етті. Содан маневр, пойыз диспетчері, бас инженер, Мақатта станция бастығы қызметтерін абыроймен атқарып, Атырау жол бөлімшесі бастығының бірінші орынбасары болып та бірнеше жыл жұмыс істеді. 2005 жылы «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Мақат аудандық мәслихатының депутаты болып, теміржолшылардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына да үлесін қосты.

Алтай Азанқұлұлы басқаратын Атырау станциясы қашан да қоғамдық жұмыстардың бел ортасынан табылады. Мектептерге де қамқорлық жасап, аз қамтылған отбасыларға да жәрдемдеседі, теміржолшылардың тұрмыстық мәселелерін шешуге атсалысады.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау
Суретті түсірген автор

ФОРМУЛА УСПЕХА

Шинара Жумабекова – ведущий инженер по охране труда Алматинской дистанции сигнализации и связи – относится к тому типу людей, которых не пугают трудности, а, наоборот, они уверенно идут к своей цели.

Профессию железнодорожника Шинара выбрала сознательно, ей с неумолимым характером и подвижностью всегда хотелось работать где-то на производстве в большом коллективе. Придя на железную дорогу, девушка быстро адаптировалась, и, хотя первой ступенью ее будущей профессии являлась скромная должность монтера СЦБ, Шинара не останавливалась на достигнутом. С 2006 года она занимает должность ведущего инженера по охране труда. По долгу службы ей часто приходится выезжать на линию. И здесь она



умело проводит инструктажи, беседы, контролирует состояние охраны

труда и разрабатывает мероприятия по всем выявленным недостаткам.

В поле ее зрения – организация обучения безопасным методам работы вновь принятых работников, соблюдение сроков испытаний приспособлений, машин, механизмов, электротехнических и предохранительных средств. Мониторинг за своевременным проведением обучения и проверки знаний ответственных лиц в области промышленной безопасности. Шинара очень серьезно подходит к проблеме улучшения рабочих мест, быстро завоевала расположение коллег и неудивительно, что опытные специалисты даже из других железнодорожных предприятий приходят к ней за советом.

– Безусловно, охрана труда требует внимания, ведь малейшая оплошность нам может дорого обойтись, – говорит Шинара Жумабекова.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы
Фото автора

КАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газеттi басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газеттi сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахиджа Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.

тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 түркі куәлігі берілді.